

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы" 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағы бесінші абзацының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 1 маусымдағы № 18-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы" 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағы бесінші абзацының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә. Азимова, судьялар А.Қ. Ескендіров, Қ.Т. Жақыпбаев, А.Е. Жатқанбаева, А.Қ. Қыдырбаева, Қ.С. Мусин, Б.М. Нұрмұханов, Е.Ә. Оңғарбаев, Р.А. Подопригора, Е.Ж. Сәрсембаев және С.Ф. Ударцев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісі Н.-нің өкілі – заң консультанты Н.Е. Игиликовтің,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өкілдері – судьялар Г.Ж. Әлмағамбетованың және З.Б. Кейкібасованың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б. Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр А.Қ. Мұқанованың,

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің өкілі – Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Н.Ж. Оспанованың,

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл А. Саинның қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы" 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы) 3-тармағы бесінші абзацының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішті қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы С.Ф. Ударцевтің хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп,

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, халықаралық тәжірибеге және жекелеген шет елдердің заңнамасына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Конституциялық Сотқа Н.-нің Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағы бесінші абзацының Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының "Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар" деген 2-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтініші келіп түсті. 2023 жылғы 15 наурызда өтініш конституциялық іс жүргізуге қабылданды.

Жоғарғы Соттың аталған 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағының бесінші абзацына сәйкес "Баланы асырап алу кезінде арыз берушінің жұбайының осы балаға қатысты әке болуы анықталса, арызға әке болуын растайтын молекулярлық-генетикалық сараптаманың қорытындысы қоса берілуі тиіс. Мұндай қорытынды болмаған жағдайда, арыз АПК-нің 148-бабы екінші бөлігінің 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сілтеме жасай отырып, қайтарылуға жатады".

Өтініш берушінің өтініші бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың Жоғарғы Соттың берген түсіндіруіне сілтеме жасай отырып, асырап алынатын балаға қатысты жұбайының әке болуын растайтын молекулярлық-генетикалық сараптама қорытындысының болмауына байланысты бала асырап алу туралы арызды қайтаруына байланысты болып отыр. Өтініш субъектісінің жұбайы өзімен тіркелген некеде тұрмаған басқа әйел туған осы баланың туу туралы куәлігінде әке ретінде жазылған. Ол аталған сараптама құнының жоғары болуына сілтеме жасай отырып, одан өтуден бас тартқан.

Өтініш субъектісінің пікірінше, бала асырап алу мәселелері мен рәсімдерін реттейтін 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 33-тарауының және "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – НОтК) 13-тарауының нормаларында бала асырап алу туралы арызбен сотқа жүгіну үшін мұндай міндетті талап қамтылмаған. Өтініште "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заң) 17-бабының 1-тармағына сәйкес Жоғарғы Сот нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беретіні де атап өтіледі. Өтініш субъектісі Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысында түсіндіру берілмей, сотқа жүгіну үшін заңда көзделмеген "негізсіз және артық талап" белгіленген деп есептейді.

Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағы бесінші абзацының конституциялылығын тексерген кезде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Конституцияның 4-бабының 1-тармағына сәйкес қолданыстағы құқық құрамына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары кіреді. Жоғарғы Сот өкілді, атқарушы және өзге де органдар секілді өз құзыретіне сәйкес құқықшығармашылық процеске қатысады. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 5-тармағында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің осы бапта белгіленген сатысынан тыс тұратындығы бекітілген. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысында "республиканың барлық соттары үшін міндетті болып табылатын мұндай нормативтік қаулы заңнама нормаларын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын сот практикасында қолдану мәселелері бойынша ғана шығарылуы мүмкін" деп атап өтілген.

Бұл ретте Конституцияның 81-бабында "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық істер, жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жататын сот істерін қарайды және сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады" деп белгіленген. 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңның 17-бабының 1-тармағында Жоғарғы Сот "нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады" деп жазылған.

Конституцияның 76-бабының 1-тармағында "сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды" деп белгіленген. Бұл ретте Конституцияның 77-бабының 1-тармағында "судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады" деп бекітілген.

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты түсіндіру – заңнамаға түсіндірме берудің негізгі нысаны деп атап өтеді. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының мазмұны қолданыстағы құқыққа ресми түсіндірме беру ретінде сот практикасы мәселелері бойынша заңнамаға түсіндірме берудің барлық түрін қамтуы мүмкін. Нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер бере отырып, Жоғарғы Сот өз құзыреті шегінде құқықшығармашылық процеске қатысады, қолданыстағы құқықты қалыптастырудың маңызды буыны болып табылады, соттардың құқықты қолдануына айтарлықтай ықпалын тигізеді. Жоғарғы Соттың жалпыға міндетті нормативтік қаулылары сот практикасының біркелкілігіне,

сот төрелігінің тиімділігіне және сапасын арттыруға, сот шешімдерін қабылдау кезінде дәлелдемелердің анықтығын қамтамасыз етуге, сот практикасына ғылыми жетістіктерді енгізуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, халықаралық құқықты дамушы ұлттық құқық жүйесіне ендіруге жәрдемдеседі.

Көптеген елдерде жоғары сот органдары әртүрлі нысанда (қаулылар, түсіндірулер, практиканы қорыту) жүзеге асыратын, заңнаманы және оны қолданудың сот практикасын түсіндіру – заңнаманың көп деңгейлі сипаты мен салалық өзіндік ерекшелігін, құқық эволюциясын, қоғамдық өмір мен құқықтық қатынастардың динамикасын ескеретін жүйелі талдаудың күрделі процесі. Соттардың заңнаманы қолдану практикасы мәселелері бойынша заңнаманы түсіндіру процесінде Жоғарғы Сот әртүрлі санаттағы істерді қарау жөнінде қорыту жасайды, нормативтік құқықтық актілердің жалпы және абстрактылы ережелерінің мәнін, ұғымның біріздендірілуі сот практикасы үшін маңызды болатын, заңнамада жеткілікті түрде айқындалмаған кейбір баға беру ұғымдарын нақтылайды, тәптіштейді, соттар қолданатын құқықтық нормалардың ықтимал коллизияларын шешеді, типтік жағдайларға қатысты нормаларға түсіндірме беру үлгісін жасайды. Сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру барысында сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін, жекелеген жағдайларда, нақтылайтын құқықтық нұсқамалар, мысалы, соттардың істерді қарауының кейбір ұйымдастырушылық, рәсімдік мәселелері бойынша, жаңа ғылыми-техникалық әзірлемелерге негізделген дәлелдемелерді пайдалану туралы нұсқамалар жасалуы мүмкін.

Алайда, сот практикасы үшін қажетті, мазмұнын, арақатынасы мен қолданылуын фрагментті және үлгілік нақтылау мүмкіндігін қамтитын құқық нормаларын түсіндірудің барлығы Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына қайшы келмеуге және мемлекеттің басқа да жоғары органдары құзыретінің шекарасына өтпеуге, атап айтқанда, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектемеуге тиіс. Мұндай шектеулер Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана белгіленуі мүмкін.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда 217 А (III) қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 25-бабының 2-тармағында: "Балалардың бәрі, некеде немесе некесіз туған, бірдей әлеуметтік қорғауды пайдалануға тиіс", сондай-ақ нәресте болу жағдайы ерекше қамқорлық пен көмек алу құқығын береді деп бекітілген. Бұл қағидат "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы

Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 2-тармағында да: "Некеден де және некесіз де туған балалар тең әрі жан-жақты қорғауды пайдаланады" деп бекітілген.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада қабылдаған және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы конвенция (бұдан әрі – Конвенция) қатысушы мемлекеттерден бала құқықтарын барынша және жан-жақты қорғауды, оның ішінде мүмкіндігінше өзінің ата-анасын білу құқығын іске асыруды, бала саудасының кез келген түріне қарсы іс-қимыл жасау үшін бала асырап алу кезінде анық ақпарат беруді талап етеді.

Мәселен, Конвенцияның 3-бабының 1-тармағында "Балаларға қатысты қолданылатын іс-әрекеттердің, оларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын мемлекеттік немесе жеке мекемелердің, соттардың, әкімшілік немесе заң шығарушы органдардың қабылдағанына қарамастан, бәрінде де ең бірінші кезекте баланың мүдделерін барынша толық қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді" деген ереже бар. Конвенцияның 7-бабының 1-тармағында баланың "мүмкіндігінше өзінің ата-анасын білуге құқығы және олардың қамқорлығына ие болу құқығы" бекітілген. Конвенцияның 21-бабының а) тармақшасында қатысушы мемлекеттер бала асырап алу кезінде, атап айтқанда, бала асырап алуға "барлық іске қатысты және сенімді ақпараттар негізінде" рұқсат беріледі дегенді қамтамасыз етеді деп белгіленген. Конвенцияның 35-бабына сәйкес қатысушы мемлекеттер "бала саудасына немесе балаларды кез келген мақсатпен және кез келген түрде контрабандалау" әрекеттеріне жол бермеу үшін барлық қажетті шаралар қолданады.

Қазақстанда АПК-ден, НОТК пен Заңнан басқа, қолданыстағы құқыққа Қазақстан азаматтары мен шетелдіктердің бала асырап алу, жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы төлемдер, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстанда тұрақты тұратын және бала асырап алуға ниет білдірген адамдарды есепке алу, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру мәселелерін және басқаларды регламенттейтін түрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің едәуір жиыны кіреді.

Қоғам мен ғылыми-техникалық прогрестің серпінді даму жағдайларында жаңа сын-қатерлер және қылмыстық әрекет түрлері, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасы пайда болады, бұл балалардың өмірін, құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерін соған сай құқықтық реттеуді талап етеді.

4. Конституциялық Сот Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының дау айтылып отырған ережесі бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға бағытталған және дәл қандай дәлелдемелер арыз берушілердің баламен биологиялық туыстығы туралы дәлелдерін сенімді растау болып табылатынын

түсіндіреді, баланың өз ата-анасын білу құқығын қорғайды, ата-анасының балаларға қамқорлық жасау міндетін іске асырады, бала саудасы және бала асырап алудың заңсыз схемаларын пайдалану жағдайларына жол бермейді деп атап өтеді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ұстанымы бала құқықтарын қорғау және соттардың тиімді қызметі үшін маңызды болатын Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының көрсетілген ережесі АПК-нің 148-бабы екінші бөлігі 5) тармақшасының сотқа арыз беру кезінде "талап қоюшы өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар, сондай-ақ осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің мазмұны" да көрсетілуге тиіс деген талапты анықтайды және нақтылайды дегенді білдіреді. Норма некесіз баланы асырап алудың оңайлатылған тәртібі кезінде әкенің асырап алынатын баламен туыстығы анық дәлелдеме ретінде қарастырылуы керек екенін түсіндіреді. Жоғарғы Соттың өкілі кейінірек жоғары сот органы дау айтылып отырған норманы заңда бекіту туралы бастама көтергенін де түсіндірді, алайда бұл қазіргі уақытқа дейін әлі орындалмай отыр.

Асырап алынатын балаға қатысты әке болуды растайтын, баланың отбасында тәрбиелену, ең болмағанда ата-ананың біреуінің тәрбиесінде болу құқығын қамтамасыз ететін молекулярлық-генетикалық сараптаманы тағайындау, сондай-ақ соттарда белгілі бір санаттағы істер үшін қажетті дәлелдеме мәселесін нақтылау Конституцияға қайшы келеді деп қарастырылмайды. Конституцияның 27-бабының 1-тармағында "Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады" деп жазылған, ал осы баптың 2-тармағында "Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті" деп бекітілген. Аталған сараптама бала құқықтарын қорғауға бағытталған, оның әкесімен туыстығының дәлелдемесі болып табылады, сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігіне жәрдемдеседі.

5. Конституциялық Сот бесінші абзац бастапқыда Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағында болмағанын және аталған нормативтік құқықтық актіге Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының анағұрлым кейініректегі "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 нормативтік қаулысымен (бұдан әрі – Жоғарғы Соттың 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 нормативтік қаулысы) енгізілгенін атап өтеді. Бұған дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Баланың туу тегіне байланысты істерді қарау кезінде соттардың заңнаманы қолдануы туралы" 2018 жылғы 29 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – Жоғарғы Соттың 2018 жылғы 29 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысы) 10-тармағында молекулярлық-генетикалық сараптама баланың нақты адамнан туылғанын анық растайтын дәлелдемелердің бірі ретінде айтылған болатын.

Сараптама жүргізу мүмкіндігі туралы АПК-де де айтылады. Жоғарғы Соттың 2018 жылғы 29 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысының 10-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде сот ұйғарымына сәйкес болжамды әкесінен және баладан қан және (немесе) эпителий үлгілерін алу тәртібі туралы АПК-нің 83 және 84-баптарына сілтемелер бар. Бұл ретте "сарапшының қорытындысы сот үшін міндетті болып табылмайтынын соттардың ескергендері жөн. Соттың қорытындымен келіспеуі уәжді болуға тиіс (АПК-нің 92-бабының жетінші бөлігі)" деп көрсетілген. Демек, Жоғарғы Соттың 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 нормативтік қаулысы қабылданғанға дейін молекулярлық-генетикалық сараптаманы пайдалану мәселесі реттеліп қойылған және Жоғарғы Соттың жоғарыда аталған 2018 жылғы 29 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысында АПК-нің сараптама жүргізу және сарапшының жұмысы туралы кейбір нормалары нақтыланды. Бұл ретте сарапшының қорытындысы сот үшін міндетті емес еді, бірақ сот өзінің сарапшымен келіспейтінін дәлелдеуге тиіс болды.

Жоғарғы Соттың 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 нормативтік қаулысымен нормативтік құқықтық актіге енгізілген, Жоғарғы Соттың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағының бесінші абзацымен баланы асырап алу кезінде арыз берушінің жұбайының осы балаға қатысты әке болуы анықталса, арызға әке болуын растайтын молекулярлық-генетикалық сараптаманың қорытындысы қоса берілуі тиіс және аталған сараптама болмаған жағдайда арыз қайтарылуға жатады деген талап енгізілді. Осылайша, жаңа императивтік норма енгізілді, бұл АПК-нің 92-бабының жетінші бөлігіне сәйкес келмейді, онда сарапшының қорытындысы сот үшін міндетті болып табылмайды, бірақ сарапшының қорытындысымен келіспеген жағдайда , келіспеу сот шешімінде түсіндірілуге тиіс деп белгіленген.

6. Сонымен бірге, Конституциялық Сот материалдық қиын жағдайда жүрген, молекулярлық-генетикалық сараптама жүргізу үшін ақы төлеу мүмкіндігі уақытша жоқ азаматтар үшін, сондай-ақ азамат аталған сараптаманың сот процесі барысында жүргізілуіне үміттенген өзге де жағдайларда молекулярлық-генетикалық сараптаманың болмауы сотқа жүгінуге кедергі келтірмеуге тиіс екендігіне назар аударады. Мұндай жағдайларда сот азаматтың арызын қарауға қабылдауға және жаңа технологиялардың дамуымен пайда болуы мүмкін, әке болуды (ана болуды) дәйекті анықтауға мүмкіндік беретін сараптамалардың көрсетілген немесе өзге түрін тағайындауға тиіс. Мұндай тәсіл баланың мүдделерін барынша толық қамтамасыз етуге ықпал ететін болады (Конвенцияның 3-бабы).

Сотқа берілген арызға қосымшада молекулярлық-генетикалық сараптама нәтижелері ұсынылмаған жағдайда, соттың бала асырап алу туралы азаматтың арызын қайтаруы туралы ереженің императивтілігі сот төрелігіне қол жеткізуді шектейді, сол арқылы азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығын (Конституцияның 13-бабының 2-тармағы) бұзады. Конституциялық Соттың пікірінше, арызға қоса берілетін материалдарда мұндай сараптаманың болмауы бала

құқықтарын қорғау және баланың нақты адамнан туылғанын ғылыми анықтықпен растайтын дәлелдемелерді алу мақсатында сот талқылауы барысында сот оны тағайындау құқығынан айырмайды.

7. Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында жеке тұлғалардың құқық субъектілігі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, жеке тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігі мәселелері аса маңызды қоғамдық қатынастарға жатқызылған, олардың негізгі қағидаттары мен нормаларын Парламент заңдарда белгілеуге құқылы. Балалардың құқықтарын қорғауға және оларды асырап алуға байланысты мәселелер қоғамдық қатынастардың осы аса маңызды санатына жатады және заңмен реттелуге тиіс.

Сонымен қатар, Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Парламенттің құзыретіне сот ісін жүргізу мәселелері, қажет болған жағдайда АПК-ге түзетулер енгізуді қамтитын мәселелер де жатқызылған.

Конституцияның 3-бабының 4-тармағына сәйкес Республикада мемлекеттік билік біртұтас және ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

Конституциялық Сот Жоғарғы Соттың молекулярлық-генетикалық сараптаманы әке болудың (ана болудың) қажетті дәлелдемелерінің бірі деп танитын құқықтық ұстанымы сот шешімдерінің дәлелді базасын нығайтуға жәрдемдесетінін және бала құқықтарын қорғайтынын, бұл осы санаттағы істерді қарау үшін маңызды екенін атап өтеді. Мұндай тәсіл заң шығарушының бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) ата-анадан бала туған жағдайда, сот тәртібімен әке болуды анықтау кезінде баланың нақты адамнан туылғанын анықтықпен растайтын дәлелдемелерді соттың назарға алу қажеттігі туралы талаптарына сәйкес келеді (НОТК-тің 48-бабы).

Алайда, арыз берушінің жұбайының осы балаға қатысты әке болуы анықталса, сотқа берілетін бала асырап алу туралы арызға молекулярлық-генетикалық сараптаманың қорытындысын қоса беру және осы қағида сақталмаған кезде арызды қайтару туралы императивтік талаптар Конституцияның 13-бабының 2-тармағына сәйкес келмейді.

Осы жазылғандардың негізінде, өтініш нысанасына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын, 74-бабының 3-тармағын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62 – 65-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы" 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағының бесінші абзацы Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 4-тармағына, 13-бабының 2-тармағына, 39-бабының 1-тармағына, 61-бабы 3-тармағының 1) және б) тармақшаларына сәйкес келмейді деп танылсын.

2. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

3. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасының
Конституциялық Соты*